

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ИТТЕРДІҢ АСҚОРЫТУ  
ЖҮЙЕСІНІҢ ГЕЛЬМИНТЕРИНЕ АНТГЕЛЬМИНТЕРДІҢ  
ТЕРАПИЯЛЫҚ ӘСЕРІ**

**Р. С. Кармалиев, вет. ғылымдарының кандидаты, доцент,  
А. Т. Ермаканова, магистрант, Б. Е. Айтуганов, вет. ғылымдарының кандидаты**

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Батыс Қазақстан облысы жағдайында иттердің асқорыту жүйесінде цестодтың төрт түрі паразиттік тіршілік етеді: (*Taenia hydatigena*, *Multiceps multiceps*, *Echinococcus granulosus*, *Dipylidium caninum*) және нематодтың екі түрі (*Toxocara canis*, *Uncinaria stenocephala*). Альбен С (альбендазол 10 + празиквантел 5 мг/кг), авертел (аверсектин С 0,2 + празиквантел 5 мг/кг), каниквантел + (фенбендазол 50 + празиквантел 5 мг/кг), дронцит (празиквантел 5 мг/кг), азинокс (празиквантел 5 мг/кг) және празиквантел бойынша 3 мг/кг мөлшерін құрайтын азинокстың липосомальды формасының тиімділігі иттерді тәжірибелі эхиноккоз кезінде 100 % қорғайды. Фенкур гранулы 22,2 % (фенбендазол 50 мг/кг), пиеразин адипинат (200 мг/кг) авертин (аверсектин С 0,2 мг/кг) және 0,01 % аверсектинде сыйласы спонтанды токсохароз кезінде 100, 68, 100, 80 % тиімділікті қамтамасыз етті.

В условиях Западно-Казахстанской области в пищеварительном тракте собак паразитируют четыре вида цестод: (*Taenia hydatigena*, *Multiceps multiceps*, *Echinococcus granulosus*, *Dipylidium caninum*) и два вида нематод: (*Toxocara canis*, *Uncinaria stenocephala*) Эффективность альбена С (альбендазол 10 + празиквантел 5 мл/кг), авертеля (аверсектин С 0,2+ празиквантел 5 мг/кг), каниквантел + (фенбендазол 50 + празиквантел 5 мг/кг), дронцита (празиквантел 5 мг/кг), азинокса (празиквантел 5 мг/кг) и липосомальная формы азинокса в дозе по празиквантелу 3 мг/кг при экспериментальном эхинококкозе собак составила 100 %. Фенкур гранулят 22,2 % (фенбендазол 50 мг/кг), пиеразин адипинат (200 мг/кг), авертин (аверсектин С 0,2 мг/кг), и 0,01 % аверсектиновая паста (аверсектин С 0,2 мг/кг) при спонтанном токсокарозе обеспечили соответственно 100, 68, 100 и 80 %-ную эффективность.

*Four cestode species (*Taenia hydatigena*, *Multiceps multiceps*, *Echinococcus granulosus*, *Dipylidium caninum*) and two nematode species (*Toxocara canis*, *Uncinaria stenocephala*) parasitize in gastrointestinal tract of dogs in the West-Kazakstan Region. The efficiency indices of alben C (albendazole 10 + praziguantel 5 mg/kg), avertel (aversectin C 0,2 + praziguantel 5 mg/kg) caniguantel plus (fenbendazole 50 + praziguantel 5 mg/kg), droncit (praziguantel 5 mg/kg), azinox (praziguantel 5 mg/kg) and azinox liposomal dosage form at dose level of 3 mg/kg (according to praziguantel) were 100%. 22,2% fencur granulate (fenbendazole 50 mg/kg), pi perazine adi pinate (200 mg/kg) avertin (aversectin C 0,2 mg/kg), and 0,01% aversectin paste (aversectin C 0,2 mg/kg) provided 100, 68, 100 and 80% efficacies against *Toxocara canis* respectively.*

Батыс Қазақстан облысындағы иттердің асқорыту жүйесінде цестодтың төрт түрі паразиттік тіршілік етеді. Олар, *Taenia hydatigena*, *Multiceps multiceps*, *Echinococcus granulosus*, *Dipylidium caninum* және нематодтың екі түрі, *Toxocara canis*, *Uncinaria stenocephala*. Альбен С (альбендазол 10 + празиквантел 5 мг/кг), авертел (аверсектин С 0,2 + празиквантел 5 мг/кг), каниквантел + (фенбендазол 50 мөлшерінде + празиквантел 5 мг/кг), дронцит (празиквантел 5 мг/кг), азинокс (празиквантел 5 мг/кг) және празиквантел бойынша 3 мг/кг мөлшерін құрайтын азинокстың липосомальды формасы иттерді тәжірибедегі эхинококкоз кезінде 100 % құрайды. Фенкур гранулят 22,2 % (фенбендазол 50 мг/кг), пиеразин адипинат (200 мг/кг), және 0,01 % аверсектинде

## *Ветеринариялық ғылымдар*

сықпасы (0,2 мг/кг аверсектин С), және авертин таблеткалары (0,2 мг/кг аверсектин С), тек қана токсокарозы кезінде 100, 68, 100 және 80 % белсенділік көрсетеді.

**Кіріспе.** Адамдар мен жануарлардың гельминттермен залалдануының негізгі түпкі қожайындары иттер. Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылық жануарларының ларвальды тениидоздардың жоғары экстенсивті ауруы ретінде, яғни, эхинококкоз, ценуроз, цистицеркоздар сияқты аурулар тіркелген.

Осы гельминтоздар жануарлардың өнімділігін, ұрпақ алу дәрежесін төмендетумен қатар ірі қара шаруашылығының төмөндеуін, яғни экономикалық шығынға алып келеді [1-5].

Адамдар ауыр түрімен ауырғанда эхинококкоздың ларвальды кезеңін шакырады. Соның салдарынан ол бауыр, өкпе және басқа да ағзаларда зақымдайды. Ересек және жас балалар эхинококктар және дипилидияларды иттер арқылы жүктырады. Токсокар личинкалары әртүрлі органдарда миграция әсерінен адамдарды «ларва мигранс» ауруына алып келеді.

Біздің мақсатымыз әртүрлі шаруашылықтардағы иттердің ішектеріндегі гельминтофауныларын зерттеп және экспериментальды эхинококк кезінде кейбір паразиттерге қарсы жаңа препараттарды бағалау.

**Материалдары мен әдістері.** Батыс Қазақстанның әртүрлі аймақтарында және Орал қаласында 10 жыл (1997-2007 жж) бойы иттердің ішектерінің гельминтофаунылары зерттелінді. Осы зерттеулерді жүргізу үшін иттердің фекалияларын гельмintoовоскопия және К.И.Скрябин бойынша ішектерді толық емес гельминтологиялық жарып-сою әдістері қолданылды. Зерттеу жүргізу кезінде аурудың экстенсивтілігі мен интенсивтілігіне, сонымен қатар гельминттердің сыртқы құрылышына да назар аудардық. Антгельминттер препараттарының тиімділігін анықтау үшін эхинококктармен және спонтанды токсокарлармен инвазияланған тұқымдары, жынысы және жасы әртүрлі иттердің қолданды. Жануарлардың инвазияланған гельминттерін әрқайсысина 5 бастан тұратын зерттеу топтарына бөлінді.

Монопрепараттардан: Фенкур гранулят 22,2 % (ДВ фенбендазол), пиперазин адипинат (ДВ пиперазин), аверсектинді сықпасы және авертин таблеткалары (ДВ аверсектин С), дронцит (ДВ празиквантел), азинокс және азинокстың липосомальды форма (ДВ празиквантел). Комбинирленген препараттардан: авертель (авесектин С+празиквантел), альбен С (албендазол + празиквантел), каниквантел + (фенбендазол + празиквантел). Антгельминтистерді зертханалық жануарларға жеке дара, бір қалыпты, пероральды және белгіленген мөлшерде тері астына енгізілуі ұсынылған. Бақылауға алынған жануарларға препараттар берілген жоқ, оларға плацедо түрінде енгізді.

Тиімділік бағасы «қолайсыз» және «бақылау» тесттері арқылы анықталды. Гельминтокоскопиялық зерттеу антгельминттерді енгізгеннен соң 4-5 күннен кейін нәтижесін салыстыра сипаттайты. Ит өлексесіне жасалынған жарып-союдың нәтижесінде ішектегі гельминттердің түріне назар аудару қажет.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Соңғы 10 жыл ішінде 812 ит зерттелінді, инвазияның экстенсивтілігі 96 % құрады. Олардың жалпақ құрттармен 80 %, жұмыр құрттармен 60 %, жалпақ және жұмыр құрттармен залалданғаны 70 %-ын құрады. Батыс Қазақстан облысында, соның ішінде Орал қаласында иттердің асқорыту жүйесін залалдаған гельминттердің 6 түрі белгілі. Олардың 4 түрі цестод және екі түрі нематод класына жататыны анықталды. Белгілі 6 түрі иттердің ішкітерінде паразитті тіршілік етеді. Жануарлардағы гельминттердің инвазиясының экстенсивтілігі *Taenia hydatigena* – 48,4; *Multiceps multiceps* – 25,3; *Echinococcus granulosus* – 28,2; *Dipylidium caninum* – 57,8; *Toxocara canis* – 56,4; *Uncinaria stenocephala* – 39,8 %-ды құрады (1 кесте).

**1- кесте Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында иттердің асқазан, ішек жолдарының гельминттерімен залалдануы**

Гельминттер түрі	ЭИ, %
<i>Taenia hydatigena</i>	48,4
<i>Multiceps multiceps</i>	25,3
<i>Echinococcus granulosus</i>	28,2
<i>Dipylidium caninum</i>	57,8
<i>Toxocara canis</i>	56,4
<i>Uncinaria stenocephala</i>	39,8

Эхинококкозге қарсы тәжірибелі түрде қолданған препараттардың белсендерділігі иттердің кенеттен пайда болған токсокарозы шамамен 68-100 %. Токсокарға қарсы төмен (68 %) және орташа 80 % белсендерділігін көрсетті, осыған сәйкес пиперазин адипинат мөлшері 200 мг/кг Аверсиктин С таблетка түрінде авертин атты белгіленген нематодқа қарсы 100% белсендерділігін көрсетті. Пиперазиннің төмен белсендерділік көрсетуінің себебі Toxocara canis препаратының қолдануының ұзақтығына байланысты. Форма түзуші компоненттер түрінде қалыптасқандықтан аверсектинде сықпаның қалыпты белсендерділігі жоғары, яғни аверсектин С токсокарға қарсы максимальды белсендерділік көрсетті.

*T.canis*-ке қарсы фенкур гранулят (фенбендазол), каниквантел + (фенбендазол 50 мөлшерінде + празиквантел 5мг/кг), сонымен қатар альбен С (албендазол 10 + празиквантел 5мг/кг) 100 % белсендерділікпен қамсыздандырылды.

Шамамен барлық зерттеуге алынған препараттарда цестодоцидті компоненттер ретінде празиквантел қолданылды. 5мг/кг мөлшерінде ол монопрепараттар формасы ретінде (дронцит, азинокс), сонымен қатар бензимидазол комбинациясымен де (альбен С және каниквантел +) және авермектинмен (авертель) *E.granulosus*-ке қарсы жоғары белсендерділік көрсетті. *E.granulosus*-ке қатысты 3мг/кг төмен мөлшерде липосомальды формадағы празиквантел 100 % белсендерділік көрсетті.

**2- кесте Иттердің асқазан-ішек жолдарының гельминттеріне қарсы дәрілердің тиімділігі**

Дәрілер	Әсерлі зат	Мөлшері, мг/кг	ИЭ, %	
			<i>Toxocara canis</i>	<i>Echinococcus granulosus</i>
<b>Фенкур гранулят 22,2%</b>	<b>фенбендазол</b>	<b>50</b>	<b>100</b>	<b>-</b>
Пиперазин адипинат	пиперазин	200	68	-
Авертин	аверсектин С	0,2	100	-
Аверсекті сықпа	аверсектин С	0,2	80	-
Альбен С	албендазол+ празиквантел	10 5	100	100
Авертель	аверсектин С+ празиквантел	0,2 5	100	100
Каниквантел плюс	фенбендазол+ празиквантел	50 5	100	100
Дронцит	празиквантел	5	-	100
Азинокс	празиквантел	5	-	100
азинокстың Липосомальды формасы	празиквантел	3	-	100

Құрамында празиквантель бар, қолданылған моно және комбинирленген препаратордың антгельминттер белсенділігі, яғни таблетка түріндегі 5, ал липосомальды түріндегі – 3 мг/кг мөлшерінде жоғары белсенділік көрсетті. Аверсектин С-нің екі дәрілік формада зерттеу, сонымен қоса *T. canis* нематодқа қарсы әртүрлі белсенділік көрсетті. Яғни, жұмсақ дәрілік заттардың (сықпа) нематodoцидті белсенділігі қатты дәрілік заттарға қарағанда тәмен. Осы екі жағдайда да празиквантель мен аверсектин С дәрілік заттардың форматұзуші компоненттерімен тығыз байланысты.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Абуладзе, К. И. Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных / К. И. Абуладзе и др.; под ред. К. И. Абуладзе – М. : Колос. – 1982. – 546 с.
2. Демидов, Н. В. Гельминтозы животных: справочник / Н. В. Демидов – М. : ВО Агропромиздат. – 1978. – 334 с.
3. Таршиш, М. Г. Болезни животных, опасные для человека / М. Г. Таршиш, Б. Л. Черкасский – М. : Агропромиздат. – 1997. – 204 с.
4. Кармалиев, Р. С. Антгельминтики при эхинококкозе и др. тениидозах собак. / Р. С. Кармалиев, М. Ш. Шальменов. – Уральск : Зап.-Каз.ЦНТИ. – 1995. – № 1. – 4 с.
5. Кармалиев, Р. С. Инвазионность собак гельминтами в ЗКО / Р. С. Кармалиев, М. Ш. Шальменов // Сб. науч. тр. – Алматы : НИЦ Бастау. – 1997. – С. 234-237.